



БҰЙРЫҚ

1 қыркүйек 2021 ж.
Екінші Шежін ауылы

ПРИКАЗ

№ 89
село Чижа Вторая

Білім алушыларды бір мезгіл тегін тамақтандыру туралы

Білім алушыларды бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп оқушыларына сапалы және қауіпсіз тамақтануды ұйымдастыру мақсатында тамақтың сапасын бақылау журналын, тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналын, ас блогы қызметкерлерін тексеріп – қарау журналын жүргізу, балалардың тамақтануын ұйымдастыруды бақылау шаруашылық ісі орынбасары В.Искалиеваға жүктелсін.

2. Оқушыларды қауіпсіз тамақтандырумен қамтамасыз ету мақсатында мектептің асхана қызметкерлерінің тиісті медициналық тексерістен уақытылы өтілуі қатаң қадағалансын. Жауапты: медбике Б.Құрманғалиева.

3. 2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 0-4 сынып оқушылары бір мезгіл қамтамасыз етілетін ыстық тамақтың күндік нормасы 250 теңге болып бекітілсін.

4. Жалпыға бірдей білім беру қорынан күнкөрісі төмен және алқалық кеңес шешімі бойынша бекітілетін тізімдегі балаларды бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етудің күндік нормасы 350 теңге болып бекітілсін. Оқушылардың құжаттарын жинақтау А.Тастемироваға жүктелсін.

5. ҚР Денсаулық сақтау министрінің «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық – қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығына сай бракераж комиссиясы құрылып, комиссияның жұмыс жоспары жасақталсын. Комиссия құрамы:

Комиссия төрайымы – мектеп директорының м.а. В.Бакитова.

Мүшелері:

- 1) Г.Жармуханова - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 2) А.Тастемирова – әлеуметтік педагог;
- 3) В.Искалиева - шаруашылық ісі орынбасары;
- 4) М.Жумашева – жалпы ата – аналар комитетінің төрайымы;
- 5) Б.Құрманғалиева-медбике.

6. Ыстық тамақты ұйымдастыру жөніндегі мәселелер айына бір рет қаралсын.

7. Тамақтануға байланысты іс-шаралар жоспары бекітілсін.

8. Бұйрықтың орындалуы тәрбие ісі орынбасары Г.Жармухановаға жүктелсін.

Мектеп директорының м.а.



В.Бакитова

Бұйрықпен таныстым:

Жармуханова

Г.Жармуханова

Тастемирова

А.Тастемирова

Искалиева

В.Искалиева

Жумашева

М.Жумашева

Құрманғалиева

Б.Құрманғалиева